

Д.Қонаев атындағы № 44 мектеп-гимназиясы

Мектеп-гимназия оқушыларының тамақтандыру жүйесін тексеру, оқушылардың сапалы тамақтандырылуын бақылау, мониторингілеу және одан әрі жетілдіру мақсатында бракераж комиссиясының 2024-2025 оқу жылына мектеп-гимназия асханасының дайындығын қадағалау отырысының

№1 хаттамасы

Тексерілген күні: 29 тамыз 2024 жыл

Комиссия құрамы:

Комиссия төрайымы: 1.Б.С.Глекенова – мектеп-гимназия директоры

Комиссия мүшелері:

2.ДТГЖО- Қ.Х.Темирбаева

3.Ата-аналар комитетінің төрағасы –Б.Б.Мусағалиев

4.Қамқоршылық кеңес мүшесі: А.Серікқалиқызы

5.Әлеуметтік педагог- Н.С.Бисембаева

6.Мектеп медбикесі - Б.Р Джуматова

7.Асхана меңгерушісі – Л.С.Крайнова

Мектеп асханасының жана 2024-2025 оқу жылына дайындығын, тамақтандыру жүйесінің дайындығын, орын санын, асхананың тазалығын, құрал-жабдықтардың дайындығын, тамақ өнімдерінің жеткізілуін, сақталуын, ыдыстардың, асхана аспаптарының, жиһаздардың жай-күйін, жеткіліктілігін, тағамдарды дайындау орындарының, үстелдердің тазалығын, ыстық және салқын сумен жабдықталуын, жарық, желдету жүйелерінің жағдайын бақылап, тексеру жүргізілді. Сонымен қатар, ыдыс жуу орындар, жуу құралдарының болуы, жуу құралдарын сақтау және таңбалануын бақылау, тамақ қалдықтарын жинауға арналған ыдыстың болуы, сыйымдылықтардың таңбалануын, асхананы жинау және тазалықты сақтау кестесінің болуы тексерілді. Сонымен қатар қоймалар, тоңазатқыштар, ет сақтау орындары, көкөністерді сақтайтын бөлме, ұн сақтайтын орындар, нан тұратын орындар тексерілді. Тексеру кезінде асхана қызметкерлерінің тұрмыстық бөлмесі, арнайы киімнің артық жиынтығының болуы, оған арналған шкафтың болуы, асхана қызметкерлерінің медициналық тексерістен өтуі, сертификаттарының болуы қаралды. Сонымен қатар, 1-4 сынып оқушыларына арналған, жекелеген санаттағы оқушыларға арналған перспективалық менюдың болуы, апталық буфет мәзірінің болуы, бекітілуі, журналдардың басталуы, оқушылардың тамақтану кестелерінің болуы қаралып, тексерілді.

Мектеп асханасын ИП «Зотова» жалға (аренда) алып отыр. Жалдау жөнінде мектеппен келісім-шарт жасалып, қажетті құжаттар толтырылған. Асханада: асхана меңгерушісі – 1, аспаз-1, аспаз көмекшісі – 1, пекарь – 1, пекарь көмекшісі – 1, ыдыс жуушы- 2, асхана тазалықшы – 3, буфетчица – 1, барлығы 11 қызметкер жұмыс жасайды. Ыстық тамақ дайындауға жауапты қызметкерлердің барлығында біліктілігі туралы сертификаттар, медициналық тексеруден өткендігі жөнінде құжаттары бар. Ас блогының қызметкерлері арнайы киіммен қамтамасыз етілген.

Оқушылардың тамақтануы қалалық білім бөлімімен бекітілген перспективалық ас мәзірі (1-4 сыныптар, жекелеген санаттағы оқушылар) және буфет өнімдерінің ассортименттік тізбесі негізінде жүргізіледі.

Асхананың санитарлық жағдайы талапқа сай екені анықталды. Оқушыларды тамақтандыруға асхана дайын, құрал –жабдықтар, тоңазатқыш, мұздатқыш, пештер іске қосылған, жұмыс жасап тұр. Қажетті тамақ өнімдері жеткізілген, сертификаттары бар, ыдыстар жаңадан алынған, жеткілікті, ыдыс жууға арналған орындар, жуу құралдары бар, дайын. Хаттама асхананың 2024-2025 оқу жылына мектеп оқушыларын сапалы тамақтандырылуына дайындығын бақылау қорытындысы бойынша толтырылды.

